

# П о в е с т е р

## ЕСКІ ТОҒАН

\* \* \*

Ол атын сай табанындағы шоқ талдың көлеңкесіне байлап қойды да, тырмысып жоғары өрледі. Алыстан қарағанда шөккен түйедей аласа көрінетін жатаған шоқы-етекке түскен соң, биіктеп кеткендей еді.

Қадыр жас кезінде тауға шығуға әуес болатын. Кәріліктің салқыны-ау, енді ілгері басқан адымы кейін кетіп, жүрісі өнбей келеді. «Күлсең қарттыққа күл, әлі-ақ басыңа келеді» деуші еді үлкендер. Жетпісің оңай көрінбейді.

Қара саны салдырап таза дiңкелеп қалды да, сандықша тасқа отыра кетті. Буын-буын демесе кеудесінде сырыл жоқ. Соғыста оқ тиген жауырын тұсы күн қабағы түйілсе, сырқырап кететіні бар.

Қарт дағдылы әдетімен көз жетер жерге күн сала қарап, тоғанның алқымын түгел сүзіп шықты. Жаңадан ғана шабылып шөмелеге түскен көк балауса әлі басыла қоймапты.

«Шөп биыл бітік шықты. Пішеншілердің қарқыны да жаман емес, тек тасып үлгерсе?.. Шөп тасылмай бізге бұл арадан қозғалу жоқ. Әу баста мойынға алған соң бас тартуға бола ма» деп ойлады.

Бір биыл емес, Қадырдың пенсияға шыққалы жазғы ермегі — қорықшылық. Жылда бөлімше орталығынан салт келіп, пішеншілер қосында қона жатып қорушы еді. Биыл бригадамен іргелес отыр. Көшіп келген себебі — Алматыда, институтта оқытушы боп істейтін баласы Ертай бір хатында: «Биыл ауылға барып демала-